

САБАҚ 5 Иса – Құдай Сөзі

Сөйлей алмаудың қаншалықты ауыр екенін сезіне аласыз ба? Басқалармен әңгімелесу мүмкіндігінің болмауы ше? Оқшаулану мен қор болу қандай жаман сезім еді!

Алайда біздің көпшілігіміз басқа адамдармен оңай әңгімелесе аламыз. Әдетте біз өзіміздің не істеп жатқанымызды тіптен байқамаймыз да! Дегенмен біз өзіміздің ішкі сезімдерімізді, тілектерімізді, ойларымыз бен мақсаттарымызды жеткізу үшін күніне жүздеген сөздерді қолданамыз. Олар біздің жүрегіміздегі ниетке жаңа пішін береді. Сөйтіп олар арқылы өзгелер біз туралы, ал біз олар туралы біле аламыз.

Біздің басқалармен әңгімелесу қабілетіміз бізге Жаратушы Құдайдан келген. Ол – қарым-қатынас Орнатушы және Ол біздің Өзін танығанымызды қалайды. Бізге отырып алып Құдай қандай екен деп ойланудың қажеті де жоқ. Ол мұны айтып та қойған! Қалайша? Өзінің Ұлын осы әлемге жіберу арқылы. Пайғамбарлар мен дана адамдар өздері Құдайдан алған Құдай туралы сөздерді айтты, әрі олардың сөздері рас болды. Бірақ Иса Мәсіх одан анағұрлым көп нәрсе істеді. Ол жай ғана Құдай Сөзін айтып қойған жоқ. Ол – Құдай билігіне толы тірі, қуатты Құдай Сөзінің дәл өзі. Құдайдың бізге хабарлағысы келгенінің барлығы да Иса Мәсіхте бар.

Сөз болған Иса бізге Құдай туралы не айтады? Бұл сұраққа берілетін жауап осы сабағымыздың тақырыбы болып табылады.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

А. Құдай Өзін Иса арқылы ашты.

Ә. Құдай Өзінің есімдерінің мағыналарын Иса арқылы түсіндірді.

Осы сабақтың мақсаты

1. Құдай Иса Мәсіх арқылы Өзінің мінезі, сезімдері, ойы, мақсаты, күші және еркі жайлы не көрсеткенін анықтау.
2. Құдайдың есімдерін Исаның қалай іске асыратынын түсіндіру.

А. ҚұДАЙ ӨЗІН ИСА АРҚЫЛЫ АШТЫ

Мақсат 1. Құдай Иса Мәсіх арқылы Өзінің мінезі, сезімдері, ойы, мақсаты, күші және еркі жайлы не көрсеткенін анықтау.

Құдай дегеніміз – Рух. Біз Оны өзіміздің сезім мүшелеріміз арқылы көре, ести немесе сезе алмаймыз. Біз Оны қалайша біле аламыз? Әлсіз, күнәкар адам құдіретті, мінсіз және көзге көрінбейтін Құдайды қалай түсіне алады? Құдай Өзін бізге қалай көрсетеді? Оның жауабы – Иса.

Құдайдың мінезі

Иса бізге Құдайды адамдық тұлға арқылы ашты. Құдайдың Өзі қандай? Біз мұны Оның Ұлы Исаға қарап біле аламыз.

Жох 1:18. «Құдайды ешкім ешқашан көзімен көрген емес. Әкесімен тығыз байланыстағы жалғыз рухани Ұлы бізге Оны жақыннан танытты».

Жох 14:9. «Кім Мені көрсе, соның Әкені де көргені».

Қол 1:15. «Көзге көрінбейтін Құдайдың қандай екенін рухани Ұлы көрсетеді. Ол – жаратылыс атаулының бәрінен жоғары».

Құдай адамдарға әр түрлі жолдармен хабарын жеткізіп отырған, бірақ Оның мінезі туралы ең айқын да анық аян – Оның Ұлы – Құдайдың тірі Сөзі. Біз Иса жөнінде оқығанда, Құдай бізге бүгін де сөйлейді. Исаның өмірі, жасаған істері мен тәлімі – осының бәрі Құдайды адам тәжірибесі тұрғысынан біз түсінетін тілде айтып көрсетеді.

Евр 1:1-3. «Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді... Одан Құдайдың салтанатты ұлылығы жарқырап көрінеді. Ол – Құдайдың болмысының дәлме-дәл сипаты».

Жох 1:1, 14. «Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді... Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді. Сонда біз Әкенің жалғыз рухани Ұлының асқан ұлылығын көрдік: Ол рақымдылық пен шындыққа толы еді».

Иса адамдарға Құдай туралы үйретіп қана қойған жоқ; Ол Құдайдың мінезін де көрсетті. Ол Құдайдың киелілігі, игілігі, даналығы, билігі, рақымдылығы мен сүйіспеншілігі туралы айтты. Адамдар осы қасиеттерді Оның бойынан көрді. Ол Оған дейін әлем бұрын-соңды білмеген жоғары өнегелілік стандарттарын жариялап, соларға сәйкес өмір сүрді. Оның тәлімдерінің даналығы әлі күнге дейін бүкіл әлемді қайран қалдыруда. Адам мұқтаждықтарына қызмет етіп, Өз өмірін басқалар үшін қиған Ол Құдайдың сүйіспеншілігінің көрінісі болды.

Біздің күнәларымыз үшін Иса айқыш ағашта жанын қиған кезде, біз Құдайдың әділдігі мен сүйіспеншілігін анық көрдік. Құдайдың әділдігі күнә үшін өлім жазасын талап етті. Күнәкарларға деген Құдайдың сүйіспеншілігі Оны күнәкарлардың орнына өлуге мәжбүр етті. Оның сүйіспеншілігі

Өзін айқышқа шегелегендердің кешірілуі үшін сиынуға итермеледі. Қандай керемет сүйіспеншілік! Біздің Құдайымыз қандай тамаша!

Тапсырма

- 1 Құдайдың әділдігі мен сүйіспеншілігін Иса ... бізге анық көрсетті.
 - а) айқыш ағашта өлгенде
 - ә) ауруларды сауықтырғанда
 - б) адамдарға тәлім бергенде

- 2 Еврейлерге арналған 1:1-2-де алынған дұрыс сөз тіркестерін тиісті жерлерге жазып толтырыңыз.
 Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын
 арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол
 хабарын
 жіберіп жеткізді.



Құдай Иенің сезімдері, ойлары және жоспарлары

Иса Өзінің тәлімдерінде және Өзінің Тұлғасы арқылы Құдай Иенің сезімдерін, ойларын және жоспарларын көрсеткен. Иса ұлы Ұстаз болды, дегенмен Ол былай деген:

Жох 8:28. «Әрі еш нәрсені өз еркіммен істемей, тек Әкем қалай үйретсе, солай сөйлейтінімді ұғатын боласындар».

Жох 15:15. «Әкемнен естігендерімнің бәрін сендерге білдірдім».

Осылайша біз Исаның Інжілдегі тәлімдерін Құдайдың шынайы ашылуы және Оның ақиқаты ретінде қабылдап сене аламыз. Біз Құдайды Өзінің балалары туралы қам жейтін, көктегі даналыққа толы, сүйетін Әке ретінде көреміз. Ол

күнә мен екіжүзділікті жек көреді, бірақ Ол күнәкарды жақсы көреді. Ол бізге қалай құтқарылуымыз керек екенін айтып, бізге бақытты өмір сүруге арналған ережелерді береді. Ол Өзінің адасқан балалары барлық күнәларын тастап, Өзіне қайтып келеді деп күтуде. Ол Өзінің мәңгілік Патшалығында біз үшін жоспарлап қойған тамаша өмір туралы білуімізге мүмкіндік береді. Біз осы ақиқаттарды Құдайдың жазылған Сөзінен көрдік.

Иса – тірі Сөз, Ол Құдайдың сезімдерін ашып көрсетті. Құдай Иса арқылы Өзінің достарының қайғылары үшін, адамзаттың болашақта шегетін азаптары және Исадан бас тартып жойылуға бет алған қаланың сенбеушілігі үшін жылады. Құдайдың қаһары жалған жала мен діннен пайда тапқандарға қарсы жарқылдады. Құдай бағушысы жоқ қойлар секілді күнәларынан азат болмай өліп бара жатқан адамдарды көргенде оларға қатты жаны ашыды. Ол адамдарға олардың бақытты және ауру-сырқаулардан, күнәдан, кінәдан және қорқыныштан азат болғандарын қалайтынын айтты.

Тапсырма

- 3** Исаның адамзаттың азап шегулеріне қарап көз жасын төккен кезде, біз Құдайдың ... айқын көреміз.
- а)** сезімдерін
 - ә)** ойларын
 - б)** жоспарларын
- 4** Әрбір АҚИҚАТ тұжырымның алдындағы әріпті шеңбермен қоршаңыз.
- а)** Исаның тәлімдерінің бәрі Әкеден алынған.
 - ә)** Исаның өмірі бізге Құдайдың ешқашан ашуланбайтынын көрсетіп берді.
 - б)** Исаның тәлімдері арқылы біз өзімізге арналған Құдайдың жоспарлары туралы біле аламыз.



Құдайдың билігі мен еркі

Иса Құдайдың бізге тек көмектескісі ғана келетінін, сонымен қатар Құдайдың бізге көмектесуге деген билігі бар екендігін көрсетті. Иса жерде болғанда, ауруларды сауықтырып, күнәкарларды кешіріп жүрді. Ол Құдайдың билігімен адамдардың қандай болмасын мұқтаждықтарын қанағаттандырып отырды. Иса Әкесінің еркін орындау үшін келгенін айтып, іс-әрекеттері арқылы Өзін Құдайдың жібергенін дәлелдеп отырды. Иса жасаған кереметтер Құдайдың бізге көмектескісі келетінін және көмектесе алатынын көрсетіп берді. Олар Құдайдың бізді сауықтырғысы келетінін, кешіргісі келетінін және бүгін де біздің барлық мұқтаждарымызды қамтамасыз еткісі келетінін растайды.

Жох 5:36. «Алайда Менің Жақия берген куәліктен де үлкенірек куәлігім бар: Әкем Маған орындауға тапсырған, Мен істеп жүрген игі істерім Мені Соның жібергендігіне айғақ».

Қор1 1:24. «Алайда яһудилер мен басқа халықтардан шақырылғандары Мәсіхті «Құдайдың құдіреті мен даналығы» деп түсінеді».

Иса, сондай-ақ, Құдайдың алдында біздің қалай өмір сүруіміз қажет екенін көрсетіп берді. Ол Өзінің Әкесіне мойынсұнып, Онымен тығыз қарым-қатынаста өмір сүрді. Құдай біздің де солай еткенімізді қалайды.

Тапсырма

- 5** Біреу-міреу сізге: «Мен Құдайға сенемін, алайда менің мәселелерім үшін алаңдау немесе оларға қатысты бірдене істеу үшін Ол бізден тым алыста жүр деп ойлаймын», – деп айтты делік. Осыған қалай жауап қайырасыз?



Ө. Құдай Өзінің Есімдерінің Мағыналарын Иса Арқылы Түсіндірді

Мақсат 2. Құдайдың сегіз есімін Иса арқылы қалай орындалғанын түсіндіру.

Киелі Кітаптан біз Құдайдың көптеген аттарын табамыз. Иса – Құдайдың Сөзі, бізге оларды түсінуге көмектеседі, өйткені Ол Құдайдың шынайы көрінісі.

Мен Бар Болушымын

Құдай Мұсаны Өз адамдарын жетелеуге шақырғанда, Мұса Оның атын сұрады. Құдай Мысырдан шығу 3:14-те былай деп жауап береді: «Мен (Мәңгі) Бар Болушымын». Ол Мұсаға Өзі туралы «Мен Мәңгі Бар Болушымын» деп айтқан жіберді» деп айтуға бұйырды. Бұл аты бізге Құдайдың мәңгілік, өзгеріссіз, әрдайым бар екенін айтады. Онда жалғандық жоқ. Ол қандай болса сондай және не істеуге ниет етсе, соны істейді. Біз Оған сене аламыз.

Бірақ Құдай деген Кім? Ол не істейтін болады? Иса бұл сұрақтарға Жохан жазған Ізгі хабарда жазылған Өзінің уағыздарында жауап береді. Ол Құдайдың Мен Бар Болушымын деген атын Өзіне қатысты сегіз рет қолданады. Бір ретте Ол бұл атты Өзінің мәңгілік болмысын суреттеу үшін қолданып, бізге Өзінің Ыбырайым тумастан бұрын бар болғанын айтады. Екінші бір сәтте Иса Құдай атын Құдайдың және Өзінің мінезін түсіндіру үшін – Құдайдың Өзіне келгендерге не істейтінін көрсету үшін қолданады. Мен Бар Болушымын деп аталған Құдай біздің мұқтаждарымыздың орнын толтырады.

1. Жох 6:35. «Шынайы өмір сыйлайтын «Нан» – Менмін».
2. Жох 8:12. «Мен – дүние үшін Нұрмын».
3. Жох 8:58. «Ыбырайым тумастан бұрын да (Мәңгі) Бар Болушы Менмін».
4. Жох 10:9. «Мен «есікпін».
5. Жох 10:11. «Мен «Ізгі бағушымын»».
6. Жох 11:25. «Қайта тірілу мен шынайы өмір – Менмін».
7. Жох 14:6. «Жол, шындық және шынайы өмір – Менмін».
8. Жох 15:1. «Мен «шынайы жүзім бұтасымын».

Тапсырма

- 6** Сіз Құдайдың және Өзінің мінезін түсіндіру үшін Иса қолданған Мен Бар Болушымын деген аты бар сегіз аятты оқып шықтыңыз. Әрбір рухани мұқтаждықтың жанына Исаның осы мұқтаждықтарды Мен Бар Болушымын ретінде қалай қанағаттандыратынын айтатын аят сілтемесін және аят сөздерін жазып қойыңыз. (Бір мұқтаждыққа бірден көп аят сәйкес келуі мүмкін). Біріншісі үлгі ретінде келтірілген.
- а)** Тумайтын, жеміссіз *Жох. 15:1. Иса жүзім бұтасы.* .
- ә)** Өлі немесе өлетін
- б)** Алданған
- в)** Аштықта
- г)** Қауіп-қатерде
- ғ)** Қараңғылықта
- д)** Құдайдан бөлінген
- 7** Не туралы ойланып-толғанған жөн: 6-жаттығуда жазылған тізімді қарап шығыңыз. Исаның сіздің өміріңізде Бар Болушы ретінде қанағаттандырғанын қалайтын әр мұқтаждықтың жанына Х белгісін қойып шығыңыз.



Яһуә

«Яһуә» – бұл Мен Бар Болушымын атының біздің тілімізде айтылуы. Осы есімнің «Яхве» деп айтылуын жиі естисіз, яғни басқа әріптер жиынтығын қолданып, бұл ат еврейше жазылуының орнын басады. Яһуә немесе Яхве болса да, бұл – қазақ тілінде бір есімнің мағынасы. Өзіңіз оқып білгеніңіздей, ол Мәңгілік немесе Мен Бар Болушымын дегенді білдіреді. Көне Келісімде осы есім құрамында бірнеше сөздер бар есім құрастыру үшін өзге сөздермен байланыстырылған. Олардың барлығы Құдайдың жеке аянына негізделген және бізге Оның кім екені және Оның адамдар үшін не істейтіні туралы айтады. Иса – бізге Құдайды ашатын, Құдай аттарының шынайылығын көрсететін Сөз.

1. Яһуә-Ире – Жаратқан Ие қарастырады, Ол – біздің Қамтамасыз Етушіміз.

Жар 22:8. «Ыбырайым: – Ұлым, Құдай құрбандыққа шалынып, өртелуге қажетті қойды Өзі береді, – деді».

Пет1 1:19-20. «Құдайдың мінсіз де мүлтіксіз «Тоқтысы» - Мәсіхтің Өзі құрбан болып, баға жетпес қанын төгуімен құтқарылуларыңның құнын төледі. Құдай әлемді жаратпастан бұрын-ақ Мәсіхті бұл мақсатқа таңдап белгілеп еді, ал заманның аяғында Оны сендер үшін ашық көрсетті».

Иса біздің кінәларымызды Өз мойнына алып, біз үшін өлуін Құдай қарастырып қойған Тоқты болып табылады.

2. Яһуә-Рафа – Жаратқан Ие біздің Сауықтырушымыз.

Мыс 15:26. «Себебі Мен сендерді сауықтырушы Жаратқан Иемін».

Мат 8:16. «Күн батқанда жұрт жын соққан талайларды Исаға алып келді. Ол айтқан бұйрығымен жындарды қуып шығып, барлық науқастарды сауықтырып жіберді».

Иса – Ұлы Дәрігер, денені, ақыл-ойды, жүрек пен күйреген рухты сауықтырады.

3. Яһуә-Шалом – Жаратқан Ие біздің амандығымыздың Бастауы.

Бил 6:24. «Геден сол жерде Жаратқан Иеге арнап құрбандық ұсынатын орын салып, оған «Жаратқан Ие — амандық (бастауы)» деген ат қойды».

Жох 14:2. «Мен сендерге амандық пен тыныштық сыйлаймын, Өзімнің тыныштығымды беремін».

Иса бізге ешқандай жағдайларға тәуелсіз жан тыныштығын – Құдаймен татулық, өзімізбен татулық және өзгелермен татулық береді.

4. Яһуә-Рохи – Жаратқан Ием – менің Бағушым.

Жыр 22:1. «Жаратқан Ием – менің Бағушым, мен еш нәрседен де тарықпаймын».

Жох 10:11. «Мен «ізгі Бағушымын»: ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды».

Иса – Ізгі Бағушы – біздің құтқарылуымыз үшін өліп, өлімнен қайта тіріліп, қазірде Өзінің артынан ергендердің барлығына қамқор болуда.

5. Яһуә-Цидкену – Жаратқан Ие – біздің әділдігіміздің қайнары.

Ерм 23:6. «Патша: «Әділдігіміздің қайнары — Жаратқан Ие» деп аталмақ».

Қор2 5:21. «Тәңір Ие біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық».

Таза жүрек пен өмірге ие болудың бір ғана тәсілі бар. Біз тек Исамен бірігіп қана дұрыс өмірге және Құдаймен дұрыс қарым-қатынасқа ие бола аламыз. Ол – біздің әділдігіміздің қайнары.

6. Яһуә-Шамма – Жаратқан Ие сол жерде.

Езк 48:35. «Сол кезден бастап, қаланың аты «Жаратқан Ие сол жерде тұрады!» деп аталмақ».

Мат 1:23. «Біліп алыңдар, пәк қыз құрсақ көтеріп, Ұл туады. Оған Имануил, яғни «Құдай бізбен бірге» деген ат қояды».

Иса әрқашан бізбен бірге болуға уәде берген. Бізге көмектесу үшін Ол әрқашан біздің қасымыздан табылады.

7. Яһуә-Нисси – Біздің туымыз – Жаратқан Ие.

Мыс 17:15. «Мұса сол жерде құрбандық ұсынатын орын салып, оны «Біздің туымыз – Жаратқан Ие» деп атады».

Жох 16:33. «Мен бұларды сендер Менімен тығыз байланыста тұрып, тыныштыққа кенелсін деп айттым. Күнәкар дүниеде қысымшылық көресіндер; алайда батыл болыңдар: Мен осы дүниені жеңіп шықтым!»

Бұл – Иса біздің Жетекшіміз, біздің Жеңісіміз және біздің Күшіміз дегенді білдіреді. Онымен бірге күн сайынғы өмірлік күресімізде біз күшті болып, жеңіп шыға аламыз.

Осы аттар сіз үшін нені білдіреді? Бұл, егер сіз өз өміріңізге Исаны Құтқарушыңыз ретінде енгізсеңіз, Құдай сізді қамтамасыз етіп отырады дегенді білдіреді. Құдай сізді сауықтыратын болады. Құдай сіздің тыныштығыңыздың көзі болады. Құдай сіздің әділдігіңіздің қайнары болады. Құдай әрқашан қасыңызда болып, Жеңісіңіз болады. Егер де сіз күнәларыңызға кешірім сұрап, Оны өз өміріңізге қабылдап, өміріңізді Оған сеніп тапсырсаңыз, Иса сіздің өміріңізде осы айтылғанның бәрі болады.

Тапсырма

- 8** Төменде Исада толығырақ түсіндірілетін, Көне Келісімнен алынған Құдай аттарының тізімі көрсетілген. Әрбірінің тұсына өзіңіз немесе өз отбасы мүшелеріңіздің Құдай өтей алатын мұқтаждықтарын жазыңыз.
- а)** Жаратқан Ие – біздің Қамтамасыз Етушіміз
-
- ә)** Жаратқан Ие – біздің Сауықтырушымыз
-
- б)** Жаратқан Ие – амандығымыздың Бастауы
-
- в)** Жаратқан Ием – Бағушым
-
- г)** Жаратқан Ие – әділдігіміздің қайнары
-
- ғ)** Жаратқан Ие сол жерде
-
- д)** Біздің туымыз – Жаратқан Ие
-



Бірінші бөлімде алған біліміңізді бағалау сұрақтарына жауап берер алдында жаттап алынған аяттарға ерекше көңіл бөле отырып, өткен сабақтарды бір қайталап шығыңыз (Бұл 1-ші сабақтағы Жох 1 1:3 және Евр 13:8; 3-ші сабақтағы Жох 3:16, Мат 3:17 және Жох 14:6 аяттары).

Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 4** а) Дұрыс.
 ә) Дұрыс емес.
 б) Дұрыс.
- 1** а) айқыш ағашта өлгенде
- 5** Сіздің жауабыңыз: Сіз Исаның адамдар үшін жасаған кереметтерін баяндап, олар Құдайдың бізге көмектескісі келетінін және көмектесе алатынын қалайша көрсететінін түсіндіре алар едіңіз.
- 2** Кімге: ата-бабаларымызға
 Кім арқылы: пайғамбарлар
 Кімге: бізге
 Кім арқылы: Өзінің Ұлы
- 6** Сіздің жауаптарыңыз дәлме-дәл төмендегідей бола қоймас, бірақ осыларға ұқсас болуы керек.
- а) Жох 15:1, Иса – жүзім бұтасы.
 ә) Жох 11:25 және 14:6, Иса – қайта тірілу мен шынайы өмір.
 б) Жох 14:6, Иса – шындық.
 в) Жох 6:35, Иса – шынайы өмір сыйлайтын Нан.
 г) Жох 10:11, Иса – ізгі Бағушы.
 ғ) Жох 8:12, Иса – дүние үшін Нұр.
 д) Жох 10:9, Иса – Есік; Жох 14:6, Иса – Жол.
- 3** а) сезімдерін.

СІЗ БІРІНШІ БӨЛІМДІ ОҚЫП БІТІРДІҢІЗ

Сіз енді әр бөлімде алған біліміңізді бағалау сұрақтарына жауап беруіңізге болады. Осы сұрақтарға жауап берер алдында өткен сабақтарды қайталап шығыңыз. Әр бөлімде алған біліміңізді бағалау сұрақтарына жауап бергенде нұсқаулықты мұқият орындаңыз. Содан кейін Екінші бөлімді бастауыңызға болады.